

ӘОЖ 378

ГТАМР 14.35.01

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.021>

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ РУХАНИ-КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: Ш.МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ

*Саурықова Ж.М.¹, Тамабаева Қ.Ө.², Елубаева Р.С.³, Құрманбекова А.С.⁴

*^{1,2,3,4}Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
Тараз, Қазақстан

Аңдатпа. Қайсыбір қоғам болмасын, көшбасшылық құзіреттіліктер өте маңызды. Осы орайда, болашақ мамандардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін қалыптастыру, жалпықазақстандық ортақ идеялар мен жоғары білім берудің өзекті мәселелерімен ұштастыра зерттеу мақаланың басты арқауы болып саналады.

Мақалада Ш.Мұртаза шығармашылығы негізінде және жаңаша идеялар мен қоғамдық сұраныстар бойынша болашақ мамандардың рухани-көшбасшылық кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастырудың маңыздылығына талдау жасалып, педагогикалық өлшем көрсеткіштерін айқындау мақсаты көзделеді.

Олай болса, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру мен қоғамдық сананы жаңғырту процесінің басты субъектісі ретінде – болашақ мамандарды ала отырып, олардың рухани көшбасшылық құзіреттіліктерін ұлттық негізде қалыптастырудың маңыздылығы ғылыми негізделеді. Болашақ кәсіби мамандардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін қалыптастырудың басты өлшем көрсеткіштеріне талдау жасалып, анықталады.

Мақаланың ғылыми жаңашылдығы Шерхан Мұртаза шығармашылығын негізге ала отырып, кең көлемде зерделеу арқылы адамзат үшін өте қажетті құндылықтар әлемінің жаңаша сипаты мен Жаңа Қазақстан үшін ауадай қажет адал азаматтардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыруды ғылыми негіздеуден айқын танылады.

Шындығында, жазушы тек көркем шығармалар жазып қана қойған жоқ, ұлтының шын жанашыры болды. Елі оны мақтан тұтты, осы себепті де, оның әрбір тұжырымдарының өмірлік дерегі мол, педагогикалық маңызы терең.

Зерттеудің нәтижелері болашақ мамандар ғана емес, әрбір тұлға үшін рухани-көшбасшылық құзіреттіліктердің маңыздылығын, оның ішінде Шерхан Мұртазаның қоғамдық қызметі мен қайраткерлік тұлғасы – үлкен үлгі-өнеге мектебі екендігін көрсетеді. Өмірлік тәжірибесінен жинақталған толғамдары мен ұлтқа деген қалтқысыз сүйіспеншілігін болашақ мамандардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін қалыптастырып қана қоймай, жалпы рухани жетілген, парасаттылықпен ұштасқан қасиеттерге ие тұлға тәрбиеленетіні ғылыми талданады. Зерттеу жұмысының

қорытындысы, яғни, болашақ ұрпақтың, оның ішінде кәсіби мамандардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерді дамытудағы рөлін көрсету, концептуалды тәрбиелеудегі маңызы мен педагогикалық тұжырымдарын талдап, мазмұндық ерекшеліктерін ашу – оның ғылыми және практикалық маңызын нақтылады.

Тірек сөздер: рухани-көшбасшылық, құзіреттілік, кәсіби маман, ұлттық тәрбие, құндылық, педагогикалық идеялар, тұлға, жазушылық, көркем шығарма, жоғары білім, тәжірибе

Кіріспе

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру және кәсіби мамандар даярлаудың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қоғамның әлеуметтік тапсырысына сай, жаңаша құзіреттіліктерге ие болуы, соған сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру қарастырылған. Осының өзінен әрбір жоғары оқу орнынан түрліше деңгейдегі құзіреттіліктерін қалыптастыру, ең алдымен өзін-өзі дамыта алатын, басқара білетін, ақпараттар ағынына сәйкес ой қорытатын мамандар дайындау талап етілетінін байқаймыз. Бұл – бүгінгі қоғам талабы. Жаңа Қазақстан қоғамында жоғары білім берудің жаңаша талаптары негізінде көптеген зерттеулер жүргізілуде. 2022 жылдың қаңтарында елімізде болған жағдайлар, бүгінгі қоғамдағы ұрпақ тәрбиесі, жастардың қатыгездігі оқыту мен тәрбиені жаңаша көзқарас негізінде жүргізумен қатар, болашақ мамандардың бойында жоғары кәсіби құзіреттіліктер қалыптастыруды міндеттеп отыр.

Бұл тұрғыда, ұлттық мүдде мен құндылықтарымыз үшін бастарын тіккен, ештеңеден қаймықпаған тұлғалар шығармашылығын ұлттық негізде оқу-тәрбие процесінде қолдану, болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруда пайдалану қажеттілігі арта түсуде.

Әрбір ғылымның негізгі дамытушы тұлғасы – адам. Қоғамсыз адамды, адамсыз қоғамды елестету мүмкін емес. Бұл – уақытпен үндесе, жан-жақты қозғалатын келелі мәселе. Ұлы Абай шығармашылығының басты тіні – осы адам мәселесі болып келеді. Әрбір қоғамды дамытатын негізгі фактор – адам. Осыған байланысты тәуелсіз мемлекетімізді даму бағдарына да осы адами капитал алынууда. Түркістанда өткен құрылтайдың екінші жиынында мемлекетіміздің басшысы Қ-Ж.К. Тоқаев «Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай? деген сауалдарға тереңінен тоқталып, Әділетті Қазақстан және адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруы тиістігін айтқан болатын [1]. Бұл тұста «Жаңа Қазақстан» жобасын іске асырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруда болашақ мамандардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін дамытудың маңызы зор. Себебі, ақпарат саясатының тиімділігін арттырып, креативті индустрияны дамытатын, жалпы тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағының кепілі – бүгінгі жастар.

Бұған дейін, болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруда әл-Фараби, Абай, т.б. тұлғалардың жетекші идеяларының маңыздылығы жайында жүргізілген зерттеулер жоғары білім берудің өзекті мәселелерін шешуге оң септігін тигізген және әлі де жүзеге асырылуда. Осы мақсатта, қоғам қайраткері, туған халқы үшін ешқандай нөқтаға сыймаған Шерхан Мұртазаның тағылымын негіз ету өте өзекті.

Қайсыбір кезеңде болмасын жастардың, жалпы ұлттың көшбасшылығын дамыту зор маңызға ие. Ал, көшбасшылық – ұлтқа деген қалтқысыз сүйіспеншіліктен бастау алатыны белгілі. Осы үрдісте тарихи тұлғалар тағылымын үлгі ету мәселесінің маңыздылығы айқындалып, зерттеліп келеді. Алайда, Ш.Мұртазаның педагогикалық ой-идеяларын жалпы ұрпақ тәрбиесінде қолдану, әсіресе, рухани-көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда басты бағдарға алу мәселесі зерттеу нысанына айналмай келеді.

Бүгінгі Жаңа Қазақстандағы жалпыұлттық міндетке айналып отырған халқымыздың ұлттық сапасын жаңаша қалыптастырудың саяси сұраныстары мен рухани-әлеуметтік қажеттіліктерін талдай келе, болашақ кәсіби мамандардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыруда Ш.Мұртазаның озық ойлары мен тұжырымдарының алатын орнын көрсету, бұған қоса, болашақ мамандарды қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі субъектісі ретінде сипаттаудың маңыздылығын нақтылау, ғылыми негіздеу қажет екені белгілі болды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған Ш.Мұртаза шығармашылығы болашақ кәсіби мамандардың рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін қалыптастыруда жайдан-жай таңдап алынбады. Өйткені, отыз жылдан астам уақытын халқымыздың біртуар перзенті Т.Рысқұловты зерттеуге жұмсаған Ш.Мұртаза өзі де тұлғалар қатарына енді, елінің рухани көшбасшысы бола алды. Бұл бағытта және Ш.Мұртазаның жазушылық шеберлігі туралы М.Көпбаева, Л.Макулова, Р.Жақсылықбаева, т.б. ғылыми-зерттеулер жүргізгенімен, педагогикалық мұрасы мүлде зерттелмеген.

Әділетті Қазақстанды қалыптастыратын – бүгінгі білім алушы, ертеңгі кәсіби маман. Осы орайда, кәсіби мамандарды қоғамдық сұраныстар негізінде даярлаудың берері мол. Тұлғалық жетілуде рухани көшбасшылық құзіреттіліктерін дамытудың маңыздылығы жайында көптеген әлемдік кітаптарды атауға болады. Уоррен Беннистің «Көшбасшы болу хақында» деген бұл кітабында көшбасшылық қабілеттің дара сипаттарына терең талдаулар жасалынып, жекелеген тұлғалардың үлгі-өнегесі һәм жалпы табысқа жетудің қарапайым жолдары қарастырылады. Бұған дейінгі зерттеулерде рухани көшбасшылық ұғымы өзін-өзі тәрбиелеу, білім алу жағдайымен өзара байланыста қарастырылады. Рухани жаңғыру жағдайындағы Қазақстан үшін көшбасшылықты тәрбиелеудің қажеттілігі мен өлшем көрсеткіштері туралы А.С.Родиков, А.Маслоу, С.А. Репин, т.б.

шетелдік ғалымдардың идеяларын бірқатар педагог-ғалымдар зерттеп, С.А. Ұзақбаева[2], С.Қалиев [3], М.Б.Түсіпбекова[4], тағы басқа да көптеген отандық педагог-ғалымдар жеке тұлғалар шығармашылығы негізінде дамытты.

Дегенмен, «әрбір маман көшбасшы бола алады» деген пікірге сүйенсек, отандық педагогикада жекелеген тұлғалардың педагогикалық мұрасының болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін рухани-көшбасшылық негізде қалыптастырудағы маңызы туралы педагогикалық зерттеулер жоқтың қасы.

Материалдар мен әдістер

Жоғары білім беру мен кәсіби мамандар даярлаудағы пәнаралық байланыстар мен педагогикалық шарттарды, практикалық үйлесімділікті сақтау мақсатында әдебиеттану, қоғамтану, білім беру, ұлттық тәрбие беру, әлеуметтану, тағы да басқа отандық педагогика мен жалпы мемлекеттің тұғырлы болуына мол маңызға ие салалардың басты ұғым-түсініктері, негізгі әдіс-тәсілдері ортақ жүйеде қарастырылып, талдау жұмыстары жасалды.

Ең алдымен, құзіреттілік деген ұғымға түсінік берелік. Соңғы жиырма жылдан астам уақыт еншісіндегі зерттеулерде осы ұғым-түсінік көп қолданылады және көптеген анықтамалар да берілген. Солардың ішінен белгілі бір саладағы білім мен тәжірибеге негізделген «дегеніне жету, лайықты болу» деген мағынасы негізге алынды.

Кәсіби құзіреттілік - кез-келген сала бойынша білім беру теориясы мен практикасының проблемаларын іске асырудағы құндылық түсініктері, еркін бағдарлануы, кәсіби ұстанымы, белгілі бір қызметті ұйымдастыруға мүмкіндіктер жасайтын шығармашылық көзқарас, үнемі өзін-өзі жетілдіруге дайындықты көрсететін іргелі интеграцияланған білімдердің, жалпыланған дағдылар мен қабілеттердің, жеке және кәсіби маңызды қасиеттердің жиынтығы. Педагог-ғалым К.Құдайбергенова құзіреттілік ұғымын соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне қатысты ендірілген ұғым ретінде анықтаса, зерттеушілер құзіреттіліктерді үш топқа бөліп қарастырады: 1. Проблемаларды шешу құзіреттілігі; 2. Ақпараттық құзіреттілік; 3. Коммуникативтік құзіреттілік [5,306.].

Ал, С. Құнанбаева болса өз еңбектерінде бір нәрсені бағалауға, бір нәрсені жасауға немесе шешуге мүмкіндік беретін белгілі бір шеберлікті, дағдыларды, өмірлік тәжірибені меңгеру; әлеммен сол немесе басқа салада тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және осы мақсатқа қажетті құзыреттерге байланысты күрделі жеке ресурсты пайдалану; кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға жеке ішкі мотивацияны, мамандыққа құндылық ретінде қатынасты қалыптастыру; туындайтын когнитивтік мәселелерді өз бетінше шешу және жеке ұстанымды анықтау үшін барабар білім деңгейін қамтамасыз ету; кәсіби қызметтің нақты салаларында біліктілік стандарттары мен белгіленген критерийлерге сәйкестігін, жоғары дайындық дәрежесін анықтау; белсенді жұмыс істеу және өзіне деген

сенімділікті білдіретін психоэлеуметтік сапа; белгілі бір білімге, кәсібилікке ие болу [6] қажеттігін тұжырымдайды.

Көшбасшылық – осы құзіреттіліктердің жиынтығы десек те болады. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – жаһандану дәуірінде жаңа бағытта дамуға бет алған Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Яғни, әрбір болашақ маман мемлекетіміздің ішкі-сыртқы саясатына сай, рухани-элеуметтік, тағы басқа сұраныстарға жауап беруі міндетті. Бұл міндеттер білім беруді дамытудың жаңаша тенденцияларын ұстану қажет екендігін көрсетеді және әлемдік білім кеңістігіне сай келетін қазақстандық жоғары білім беру жүйесін тиімді интеграциялауды талап етеді.

Осы орайда, болашақ маман – Жаңа Қазақстан идеясын жүзеге асырушы басты субъект болып табылады. Демек, болашақ мамандардың жеке тұлғалық жетілуін қамтамасыз ететін жүйе тұрғысында қарастырылуы тиіс және мәселе жан-жақты ғылыми дәйектеуді қажет етеді.

Бүгінгі қоғамдағы жоғары білім тұлға бойында қалыптасқан құндылықтар жүйесімен, меңгеруге қажетті ақпараттардың айтарлықтай көлемімен, интеллектуалдық практикалық біліктердің көптігімен тығыз байланысты. Ақпараттық ағындардың қарқынды дамуы жоғары оқу орындарында білім берудің міндетті базалық жағдайында нақты бір салада мамандануға қажеттілікті туғыза келе, оның тұлғалық қасиеттерінің толық көлемде көрінуіне, кейбір құзіреттіліктерді меңгеруіне мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай күнделікті, оқу және кәсіби қызметте үлкен бетбұрыстарды талап етеді. Осыған орай, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламаларының 2-курс студенттерінің кәсіби құзіреттіліктері деңгейіне тиісті диагностикалық сараптама жасау нәтижесінде рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін қалыптастырудың маңыздылығы айқындалды. Өйткені, терең білімі мен жан-жақты ойлау машығына ие болашақ маман бойында еркіндік пен өзін-өзі көрсетудің жоғары деңгейі жетісе бермейді.


Осыған орай, білім алушыларға оқу процесінде қатысушыларға ақпарат берудің негізгі әдістерінің бірі – компьютерлік телекоммуникация құралдары болуы керек. Оның пайдасы: біріншіден, оқытуды жетілдіреді, екіншіден ақпаратты қабылдаудың белсенді түрінде ұсынуға мүмкіндік береді. Оқу процесінде қолданылатын ақпаратты визуализациялау білім алу жүйесінің функционалды байланысты компоненттерінің жиынтығын құрайды және білім алушының тұлғалық қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, инфографикалық тапсырмалар білім алушыларды оқытушының көмегінсіз қарым-қатынас дағдылары түрлерін қолдануға бағдарлайды.


Ғылыми әдебиеттерде инфографика – ақпарат, деректер мен білім берудегі графикалық тәсілі ретінде түсіндіріледі. Инфографика – күрделі ақпаратты тыңдарманға тез және түсінікті түрде жеткізуге бағытталған деректерді (идеяларды) визуализациялау.

Инфографиканың негізгі міндеті – кез-келген проблеманы, құбылыстар мен фактілерді туралы хабарлау және визуализациялау. Визуализация процесі ақыл-ой мазмұнын көрнекі бейнеге айналдырады; қабылдау барысында кескін болып қалыптасады және жеткілікті ақыл-ой мен практикалық іс-әрекеттің негізін құрайды [7].

Соңғы жылдары инфографика білім беру саласында жиі қолданылуда. Оқу ақпаратын визуализациялау, ақпаратты анықтау, мазмұнды және эстетикалық тұрғыда жабдықтау қазіргі білім беру процесінің талабына айналып отыр.

Осындай артықшылықтарын ескере отырып, жалпы Шерхан Мұртазаның қайраткерлік, көшбасшылық тұлғасына шолу жасайтын инфографикалық карта жасалды. Аталған білім беру бағдарламаларының студенттеріне оқылған дәрістерде инфографикалық карта арқылы теориялық білім қалыптастыру мақсаты тұжырымдалды. Бұл жердегі бір ерекше атап өтуге болатын жайт - инфографика арқылы білім алушыларды оңай қызықтырып, назарларын аударуға және қиын мағлұматтардың өзін ұғынықты ету үшін қызығушылықтарын арттыруға, ал, кең көлемдегі ақпаратты мүмкіндігінше қамтуға болатыны. Меңгерілетін мәтін өз кезегінде түрлі диаграммалар мен сызба, көрнекілік ақпараттық кестелер арқылы беріледі.





Сурет 1 - Шерхан Мұртаза шығармашылығы мен өмір жолындағы тәлім-тәрбиелік идеялардың қалыптасу кезеңдері

Шерхан Мұртаза шығармашылығының педагогикалық сырын ашу мақсатында әзірленген инфографикалық картада тұлғалық, жүйелілік, ақпараттық-инновациялық, аксиологиялық, креативті, этнопедагогикалық тұғырлар таңдалып алынды. Дәрістер барысында Шерхан Мұртаза шығармашылығын қаншалықты білетіндіктерін анықтау мақсатында Google форматында сауалнама алынды.

Кесте 1 – Анкета нәтижелері

Сұрақтар	Оқушылар жауаптары	%-дық көрсеткіш
1. Шерхан Мұртаза кім?	1) Көрнекті қаламгер.	9%
	2) Қоғам қайраткері.	86,7%
	3) Жеке пікіріңіз.	4,3%
2. Рухани көшбасшылық күзіреттіліктерді қалыптастыруда ақын-жазушылар шығармашылығының маңызы қандай?	1) Өте жоғары, көркем туындыны көп оқу арқылы ойын түсінікті, жан-жақты жеткізе алады.	68,1%
	2) Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романын оқыдым, әдеби бейнелер арқылы көшбасшылықтың алғашқы сипаттары қалыптасады.	27,8%
	3) Жеке пікіріңіз.	4,1%
3. Рухани-көшбасшылық күзіреттілік дегенді қалай түсінесіз?	1) Толығымен ұлтын сүйетін, терең білімді, көркем туындымен қаруланған.	97,3%
	2) Туа бітті қасиет болуы керек.	1,6%
	3) Жеке көзқарасыңыз.	1,1%
4. Шерхан Мұртазаның ұлт жанашыры ретіндегі қызметіне өз көзқарасыңыз?	1) Жоғары бағалаймын, шын жанашырлық деп санаймын.	76,1
	2) Шерхан Мұртаза шығармашылығы көптеп зерттелуі тиіс.	19,7%
	3) Жеке пікіріңіз	4,2%

Сауалнама мазмұны мынадай сұрақтарды қамтыды:

1. Шерхан Мұртаза кім?
2. Рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерді қалыптастыруда ақын-жазушылар шығармашылығының маңызы қандай?
3. Рухани-көшбасшылық құзіреттілік дегенге жауабыңыз?
4. Шерхан Мұртазаның ұлт жанашыры ретіндегі қызметіне өз көзқарасыңыз?

Сауалнама қатысушылары өз кәсіби біліміне орай, алғашқы сұраққа мүмкіндігінше кең ауқымда жауап жазған. 86,7%-ы - қоғам қайраткері, ұлт жанашыры деген пікірді қуаттаса, 9%-ы көрнекті қаламгер деп бағалайды, қалғандары жеке пікірлерін жазған. Әсіресе, драматург, ойшыл, журналист, редактор, аудармашы, публицист, т.б. сипаттаған.

Зерттеу нысанымызға алған рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерді қалыптастыруда ақын-жазушылар шығармашылығының маңызы қандай» деген сұраққа қатысушылардың 68,1% - ы өте жоғары, көркем туындыны көп оқу арқылы ойын түсінікті, жан-жақты жеткізе алады, десе, оның ішінде 27,8% - ы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романын оқығандығын, әдеби бейнелер арқылы көшбасшылықтың алғашқы сипаттары қалыптасатындығын жеткізген. Қатысушылардың көпшілігі жеке пікір қалдырған.

Сауалнаманың «Рухани-көшбасшылық құзіреттілік дегенге жауабыңыз» деген үшінші сұрағына қатысушылардың 97,3%-ы толығымен ұлтын сүйетін, терең білімді, көркем туындымен қаруланған деген жауапты қолдаса, тек 1,6% - ы туа бітті қасиет болуы керек деп санайды. Кейбіреулері ғана қосымша пікірлерін жазған.

Шерхан Мұртазаның ұлт жанашыры ретіндегі қызметіне өз көзқарасыңыз деген сауалға қатысушылардың 76,1%-ы жоғары бағалайтындықтарын жазған, 22,7%-ы әлі де кеңінен зерттелуі тиістігін айтады, ал, кейбір сауалнама қатысушылары педагогикалық ой-тұжырымдарын оқыту процсіне көптеп тартудың нәтижелі болады деп санайды.

Жалпы студент жастар Шерхан Мұртазаның саналы өмір жолы, қоғамдық қызметі, шығармаларымен таныс болғанымен, ұлттық руханиятымыз үшін біртуар тұлға екендігін жете түсінбейтіні жасырын емес. Осы орайда, қаламгердің шығармашылық мұрасы мен педагогикалық ой-пікірлерімен кеңінен таныстыру, оны келешекте идеал тұту мақсатында басқа да түрліше сауалнамалар жүргізілді.

Рухани-көшбасшылық құзіреттіліктердің кәсіби мамандар үшін ауадай қажет екендігін және Шерхан Мұртазадай кесек тұлға шығармашылығын насихаттаудың жалпы қоғамдық-рухани мәселелердің оң шешілуіндегі маңызын ғылыми дәйектеу барысында отандық және әлемдік білім беру саласындағы заңдық және нормативті құжаттар, бағдарламалық құжаттар, сонымен қатар Қазақстан Республикасында жаңа Қазақстан құру идеясынан туындайтын, «Адал азамат» тәрбиелеу мен ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға бағытталған ел президентінің тұжырымдары,

сөйлеген сөздері мен дәстүрлі жолдаулары, тұлғалық оқытуға байланысты отандық және әлемдік педагог-ғалымдардың ой-тұжырымдары басшылыққа алынды. Бұған қоса, Шерхан Мұртазаның ұлттық құндылықтар, мемлекет болашағы мен жастар тәрбиесі, ұлтшылдық туралы ойлары, пікірлері, қоғамдық сананы қалыптастыруда зор маңызға ие екендігін дәйектейтін әдебиеттанушы, педагог ғалымдардың тұжырымдары талданды.

Барлық ғылыми дәйектеулер мен тұжырымдар, нәтижелер және әдіснамалық концепциялар Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» жобасын іске асыруға көмектеседі.

Бәсекеге қабілетті білім берумен қатар, жоғары тәрбие беру, болашақ ұрпақ санасына ұлағатты сезімдерді сіңіре білу – келешектің үлесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Жаһандану жағдайындағы егемен еліміздің бәсекелестік көрсеткіші – білім десек, осы орайда, білім беру саласында көптеген өзгерістер жүзеге асырылуда. Ең басты міндет – адами факторды дамыту, білім алушыларды мемлекетіміздің басты тұтқасы ретінде бағалап, оның жеке тұлғалық жетілуіне, рухани-эстетикалық талғамын дамытуға, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленуін талап ету. Бұған қоса, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықтарын дамыту арқылы жағдай арқылы ой-өрісін байыту туралы нақты айтылады.

Осы тұрғыда, кәсіби мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында оқытудың жаңаша технологиялары енгізіліп, дамытылуда. Әлемдік стандарттарға сай мамандар ғана мемлекет көшбасшысына айнала алады. Әлемдік бәсекелестікке бейім, бүкіләлемдік ойлау жүйесін дамытуға қабілетті, жеке ғылыми тұжырым жасап, бойындағы білім-ілімін өз қажетіне сай пайдалана білу мүмкіндігіне ие жоғары білімді мамандар қайсыбір уақытта болмасын мемлекеттің қозғаушы күші.

Осы көзқарас тұрғысынан жалпы білім берудің, сонымен қатар, жоғары білімді кәсіби мамандар даярлау процесінің дәстүрлі парадигмалары өзгерді. Дегенмен, қазіргі білім беру жүйесі дәстүрлі гуманистік қарым-қатынасқа негізделеді. Тек меңгерту талаптары мен технологиялары жаңаруда. Қай уақытта да басты құндылық – адам тұлғасы және оның жеке мүмкіншіліктері мен шығармашылық әлеуетін дамыту болып қала бермек. Бұл ретте болашақ маманның шығармашылық дамуы деп оның үздіксіз білім алуға деген құштарлығы мен талабы, өзін-өзі жетілдіруі болып табылады. Демек, бұл мақсаттағы міндеттердің барлығы да ұлттық құндылықтар әлеміне барып тіреледі. Яғни, оқытудың қандай да деңгейінде болмасын мәңгілік ел құндылықтарын енгізу, өскелең ұрпақ тәрбиесін ұлттық негізде ұйымдастыру да жарқын болашақ негізі екендігін нақтылап көрсетті.

Көрнекті қоғам қайраткері болған, ұлт арысы Мұстафа Шоқай ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайтынын 8,716.] өткен ғасырдың өзінде жете түсініп, айқайлап айтқан.

Осы орайда, білім алушыға ұлттық тәрбие беретін асыл арналардың бірі – Шерхан Мұртаза сынды кенен дарындар шығармашылығы екені даусыз. Жастайынан өмір тауқыметін атртып, ерте ысылған, туған топырағынан нәр алып, тұлғалық жетілген, қашанда қара халқының қамын жеп, қайраткерлік жолында ұлттық құндылықтарымыздың жоқшысы болған кенен дарын, суреткер Шерхан Мұртазаның шығармашылығын білім беру мен тәрбие процесінде жүйелі қолданудың берері мол.

Шерхан Мұртаза – тек жазушы, қоғам қайраткер ғана емес, көптеген қанатты сөздердің авторы. Оның әрбір шығармасының тәлімдік маңызы өте зор. Ш.Мұртаза бүкіл жазушылық жолында осы өмір туралы жазған. Сондықтан да, тәлім-тәрбиелік ойлар оның барлық шығармашылығын камтиды. Барлық шығармалары мен қанатты сөздері, тәмсілдерінде де жазушы өмір жайлы тереңнен толғанып, өз көрген-білгені негізінде ой қорытады. Тәуелсіз еліміз бен жаһандық даму жетегіне ерген бүгінгі қоғам үшін ең өзекті тақырыптардың қайсысы да Ш.Мұртазаның назарынан тыс қалмаған. Мәселен, мейірімнің азаюы, адал достық, имандылық, өткенгді дәріптеу, ұлттық құндылықтарымызды құрметтеу, тағы басқалар. Әрбір тақырыпты жазушы ешкімнен тайсалмай жазады. Жалынды публицист ретінде мәселені дөп басып, дәл айта білді.

Жазушының жастарға айтар ақылы – ұлтты көбейту болды. Тәуелсіз еліміздің болашағын сақтап қалу үшін өзгелермен иық тіресетіндей болуымыз қажеттігін, сол үшін де халықтың болашағын, еліміздің ертеңін бүгіннен ойлау тиістігін [9, 229б.] терең көрегенділікпен жеткізеді.

Шерхан Мұртазаны халқымыз тәуелсіздік алғанға дейін «Қазақтың Шерағасы» деп атап, ерекше құрметтеген. Ал, бабалар арманы болған егемендікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдарда жазушының қайраткерлегі тіпті шыңдалды. Әсіресе, ана тіліміздің тағдыры талқыға түскен уақытта «Қазақша сөйлемейтін қазақтар – анасын буындырып өлтіргендер», «Өз ана тілін менсінбейтіндер – өз ұлтын үш рет өлтіргендер» деп ашық айтып, халықтық мәселелерді көтере білуімен байланысты болды.

Сонымен қатар, халықтың ұлттық рухы сөнген күні – қайсыбір халықтың болмасын халық болудан қалатынын [10, 227б.] ұлтқа деген үлкен жанашырлықпен қозғады.

Жас кезінен-ақ көп қиыншылықты басынан кешірген, әкесіз өскен жазушы өзінің түйгендері бойынша өмірдің түрлі қиындықтары мен күрделі мәселелерін баяндайды. Әсіресе, «Өмір деген алысу, еркелетпес сипап ол», «Құдайға сыйынған құстай ұшады, Адамға сыйынған мұрттай ұшады», «Небір дерттің бәрін жазатын ұлы уақыт екен» [10, 167б.] және басқа да «Бір кем дүние» атты кітабында келтірілген нақыл сөздерін адамдық рухани жетілу қағидалары деп қабылдауға болады.

Шерхан Мұртазаның кезінде әр адам өзінің тіршілігінде кәсіби біліміне, ойлау қабілетіне, ақыл-парасатына қарай еңбек етсе бүгінгі күнгісінен де ауқатты өмір сүрер еді.

Нәтижелер және талқылау

Шерхан Мұртазаның Рысқұл мен Тұрар жайындағы шығармалары арқылы қазақ ұлтының биіктігін танытады. Бұған Бауыржан Момышұлы мен Шерхан Мұртазаны қосыңыз. Бір-біріне ұқсас, қазағы үшін отқа да түскен, суға да түскен қымбат бейнелер.

Егер Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов жайында жазбаса, XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың орта тұсындағы қазақтардың өмір жолын барынша көре білер ме едік... Өткеннен тағылым алу – адамзат баласына үлкен міндет. Ендеше осы міндетті Шерхан Мұртаза жоғары дәрежеде орындап шыққан.

Жазушы ретінде Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша» атты шығармасында өз анасының қазақ әйеліне тән ақыл мен парасатын қазіргі қыздарға үлгі-өнеге етіп, әрбір сұхбат, баяндамаларының, ресми сөздерінің өзінде де ұрпақ тәрбиесін, ұлттық болмысты, құндылықтарымызды ұмыт қалдырмады. Бұл қоғам алдында Шерхан Мұртазаның азаматтық борышына айналған-ды. Осы себепті де, жазушы Шерхан Мұртазаның тәлім-тәрбиелік идеяларын шығармалары арқылы педагогикалық тұрғыда зерделеу, оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің маңызды екені анық.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай түбегейлі өзгерді. Ана тілімізде оқытатын мектептердің саны да, сапасы да артып келеді. Дегенмен, қоғамдық ахуал мәселесінде келеңсіздіктер көбейіп келеді. Әсіресе, жас жеткіншектердің жаман әдет-қылықтарға үйір болуы, мінез-құлықтарындағы дөрекілік, жанашырлықтың азайы, шектен тыс қатыгездік әрекеттерге баруы, т.б. бүгінгі таңдағы тәрбие саласының өзекті мәселелеріне айналууда. Осы негізде жастардың мінез-құлықтарындағы өзгерістер мен оларды тәрбиелеудің жаңаша үдерістерін қалыптастыру – бүгінгі педагогиканың ең өзекті сұрағына айналып, зерттеулер бағыты осыған орайластырылууда. Және қазіргі педагогикада кәсіби мамандар даярлау бойынша іргелі зерттеулер қолға алынуда. Бұл тұста, қажетінше ұлттық педагогикамыздағы тәлімдік идеяларға жүгіну туындап отыр.

Бұл кездейсоқ жайт емес. Өйткені, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының, мұралық өрнектерді жетілдіріп, ұлттық құндылықты жаңартқан айрықша сана өрнегі, тәлім-тәрбие бұлағы – сөз өнері десек, Шерхан Мұртазадай кесек қаламгер, кенен тұлға шығармашылығы негізінде адамгершілік тәрбие, адамдыққа, кісілік пен ізгілікке баулу, ең бастысы, көшбасшылыққа тәрбиелеу жатыр.

Бүгінгі таңда жаңа Қазақстан құру барысында саяси жаңару мәселелері қоғам тарапынан қолдау табуда. Мемлекет президентінің жетілген 30-мемлекеттің қатарына қосуға байланысты көтерген бастамалары да халықтың көңілінен шығуда. Мәне, осы әділетті қоғам құру идеясын жүзеге асыруда қайсар мінезді, Шерхандай тұлғаның халықпен бірге болуы ауадай қажет еді.

Өйткені, Шерхан Мұртазаның тәлімдік тағылымға толы шығармаларының бүгінгі жастар тәрбиесіне берері мол екені кімге болсын таңсық емес.

Шерағаның жеке басына тән ерекшелігі – айтайын деген ойын адамның жетесіне асқан бір сыпайылықпен, әрбір сөзін мақалдата, мысалдата жеткізе білуі. Қайсыбір қызметте отырмасын, қайсыбір тапсырманы орындамасын әділдікті талап етті. Осыдан кейін халқының ерекше сый-құрметіне бөленді. «Шераға не айтар екен?» деген көзқарас қалыптасты.

Елінің күткені - ержүрек адамның мінезі мен халықтық абыройына тән өрелі сөздері мен елдік озық, батыл ойлары еді.

Міне, шындықтың шыңы.... [9, 256.], - деп түйеді белгілі публицист Мейрамбек Төлепберген.

Өз халқының шын мәнінде қолдауына ие, беделді де сыйлы Шераға – Шерхан Мұртазаның артында қалдырған мол әдеби шығармалары мен қайталана бермес қайраткерлік, есе жібермес күрескерлік жазбалары, өткір бірауыз сөзі де біздің қоғам үшін, өзі өмір бойы қастерлей білген халқы үшін рухани құндылықтары болып қалатыны хақ.

Жазушы шығармашылығында ұлттық тәрбиенің көрінісі ретінде имандылық қасиеттер насихатталады. Ұлы Абай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керектігін [13, 516.] айтса, Шерхан Мұртаза болса, құран сөзін құрметтеуге [9, 146б.] шақырды. Және, пайғамбар ұсынған парыздарды орындау әрбір адамдардың міндеті екендігін айта келіп, иманы жоқ адамды ең сорлы адамға теңейді [10, 136.].

Шерхан Мұртаза өзінің педагогикалық идеяларға толы шығармалары арқылы жастарды имандылыққа, ізеттілікке шақырады, ар-ожданын сақтай білуге, ана тілін, салт-дәстүрін құрметтеуге бағыттайды [14, 1026.].

Демек, жан-жақты дамыған, болашақ Қазақстанның тізгінін ұстар кәсіби мамандар даярлау ғылымның барлық салаларымен өзара байланыста жүргізілуі тиіс. Бұдан шығатын қорытынды – қасиетті ғылым ретінде барлық маман иелерін дайындауда, қай жастағы баланы болмасын тәрбиелеуде ұлттық педагогика ерекшеліктері ескеріліп, орта мектепте, жоғары мектепте, ғылыми орындарда зерттеліп оқытылуы керек. Әсіресе, сөз құдіретін сезінген, қандай жағдайда болмасын бойындағы білімін көрсете алатын көшбасшыларға қоғам зәру. Көшбасшылық рухани құзіреттілік қалыптастыру маңыздылығы айқын. Ендеше, осы мақсатта Шерхан Мұртазадай ұлы жазушы тәлімі жан-жақты дәріптелуі тиіс.

Қазақ халқы – сонау ықылым заманнан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан рухани байлықтың мұрагері. Сол байлықтың ішінде қазақ даласының ойшылдары әл-Фараби шығармалары, жыршы, ақын-жыраулардың өлең-жырлары, ағартушылардың (Шоқан, Ыбырай, Абай) педагогикалық идеялары көрініс алады.

Солардың ішінде, өткен ғасыр еншісіндегі Бауыржан Момышұлының өршілдігі мен батырлығын, Шерхан Мұртазаның кесектігі мен әділдігін, ел ұстар кеменгерлігін жан-жақты зерделеп, бүгінгі қоғамда үлкен сұраныспен қолдану қажет. Ешкімнің тісі батпаған, алмағайып заманның өзінде Шерхан

Мұртаза ештеңеден қаймықпады. «Алтын сандықтың үстінде жалаңаш отырмыз» немесе «Қос тіл тек жыlanda ғана болады» деген ұранды сөздері әрбірімізге үлкен ұлттық рух беріп, қоғамда шындық үшін шырылдайтын жанның барын сездірді, болашағымызға үлкен үмітпен қарауға сенім білдірді.

Қорытынды

Жаһандық даму қайсыбір салаға болмасын өз әсер-ықпалын тигізуде. ХХІ ғасыр көшіне жаңаша ойлана білетін, өмір атты тылсым құбылыстың қыр-сырын меңгере алған, рухани біліммен қаруланған дара тұлғаларға зәру. Бұл өз кезегінде отандық педагогикаға жаңаша міндеттер жүктеуде. Осыған орай, ұлттық тәрбиемен қаруланған, өзге ұлттарды сыйлай білетін, бойына ізгілік пен адамгершілік ұстанымдарын дарытқан, көшбасшылық қасиеттерге ие білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсатында көптеген реформалар жүзеге асырылып, ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Жоғары білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім алушыға ұсынылатын әрбір пән мазмұны бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құруға, салауатты өмір салтына бағдарлауға, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарлануын, дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маман тұлғасының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін қалыптастыруы тиістігі көрсетілген.

Ал, ғалымдар пікірлері мен өз талдауларымызға сүйене келсек, «ЖОО-да көшбасшыларды даярлаудың кешенді жүйесі екі тәуелсіз, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты кезеңдерді қамтиды. Бірінші кезең көшбасшылық қабілеті бар білім алушыларды анықтауға бағытталған. Бұл студенттік ортада дәстүрлі түрде әлеуметтік белсенді білім алушылар табиғи түрде ерекшеленетініне қарамастан, қоршаған ортаға қызығушылық танытуымен, болып жатқан үдерістерге әсер етуді қалауымен, жетекші позицияларға ұмтылуымен сипатталады. Көшбасшыларды анықтау қажеттілігі көптеген бірінші курс білім алушылары өздерінің көшбасшылық әлеуетін сезінбейтіндігіне немесе оны студенттік өмірге енгізудің қолайлы түрлерін көрмейтіндігіне байланысты. Әлеуметтік психология мамандары көшбасшылық құбылысының айқындығына қарамастан топтарда көшбасшыларды құрудың практикалық күрделілігі туралы ойды растайды. Бұл кезеңнің маңыздылығы сонымен қатар ұжымда өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ әлеуетті көшбасшылардың болуымен байланысты, өйткені олар студенттік кезде жүзеге асырылмай, көбінесе «антилидерлерге» айналады. Екінші кезең анықталған көшбасшылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл кезеңде арнайы оқу бағдарламалары, тәлімгерлік, коучинг, рөлдік ойындар, кейс-әдістер сияқты белсенді оқыту әдістері пайдаланылады. Негізгі мақсат – көшбасшылық қасиеттерін нығайту және студенттерге нақты жобалар мен әлеуметтік жұмыстарда көшбасшылық

тәжірибе беру. Бұл кезең студенттердің университеттегі барлық оқу жылдары бойы жалғасады және олардың көшбасшылық әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік береді [15, 63].

Осы мақсатта, Шерхан Мұртаза сынды кесек тұлғаның шығармашылық мұрасын кәсіби мамандар даярлауда рухани негіз ету, әсіресе көшбасшылық құзіреттілікке тәрбиелеуде тұжырымдамалық қағидаттардың шешімі ретінде пайдалану – аса келелі мәселе екені даусыз.

Қоғамды ізгілендіру - ХХІ ғасырдағы өркениетті дамудың талабы. Ізгілендірудің басты мақсаты-зиялылық қалыптастыру, сезім және көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеу, өмірлік құндылықтар мен бағалардың белгілі бір жүйесін қалыптастыру. Олай болса, болашақ әрбір кәсіби маманның рухани-көшбасшылық құзіреттіліктерін, біліктілік әлеуетін арттыруды ұлттық құндылықтар әлемімен ұштастыру – өзекті болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың І отырысында сөйлеген сөзі – Кіру режимі: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulattyk-kuryltaydyn-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458> [Қаралған күні: 24.11.5024]

[2] Ұзақбаева С.А., Шалғынбаева Қ. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. Оқу құралы. - Алматы: Білім, 1998. - 125 б.

[3] Қалиев С., Иманбекова Б. Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Өлке, 2002. - 224 б.

[4] Түсіпбекова М.Б. Ақын-жыраулар мұраларындағы эстетикалық тәрбие ойлары. Пед.ғ.к. ғыл. дәр. алу үшін дайындалған дисс. – Қарағанды, 2009.- 184б.

[5] Құдайбергенова К. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2013. - № 1(38). – Б.9-16

[6] Құнанбаева С.С. Білім беру парадигмасы: Жоғары мектеп жүйесіне құзіреттілікке негізделген тәсілді енгізу. //International Journal of environmental & Science Education. – 2016. – №18. – 12699-12710 б.

[7] Уикипедия. Электронды ресурс Кіру режимі: <https://kk.wikipedia.org/> [Қаралған күні: 24.11.5024]

[8] Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Т1. – Алматы: Қайнар, 2007. – 352б.

[9] Мәмесейт Т. Шерхан Мұртаза. – Астана: Елорда, 2002. – 283б.

[10] Мұртаза Ш. Бір кем дүние: Ойтолғау. – Алматы: Жазушы, 2008. – 176б.

[11] Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. Т5. - Алматы: Ғылым, 1996. - 512 б.

[12] Құнанбайұлы А. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Мазмұндама, 2022. – 148б.

[13] Жарықбаев Қ.Б., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану, - Алматы: Атамұра, 1996. – 224 б.

[14] Рамазанова Д.Ж., Тоғайбаева А.К., Мухтаров С.М., Жүзеев С.Ә. Білім беру үдерісінде болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу әдістері// Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2024. - №1. – 60-75бб.

REFERENCES

[1] Memleket bassısı Qasım-Jomart Toqaevtiń Ulttıq qurılıstaydıń I otırısında söylegen sózi (Speech by the Head of State Kassym-Zhomart Tokayev at the 1st session of the National Congress) – Kirw rejimi: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulttyk-kuryltaydyn-i-otyrysında-soylegen-sozi-165458> [Qaralğan küni: 24.11.5024]

[2] Uzakbaeva S.A., Şalgınbaeva Q. Sultanmaxmut Torayğırovtiń pedagogikalıq közqarastarı (Pedagogical views of Sultanmakhmud Toraigyrova). Oqw quralı. - Almatı: Bilim, 1998. - 125 b.

[3] Qalıev S., İmanbekova B. Axmet Baytursınovtiń pedagogikalıq muraların oqw-tärbie jüyesine paydalanw (Using the pedagogical heritage of Akhmet Baitursynov in the educational system). Oqw-ädistemelik qural. - Almatı: Ölke, 2002. - 224 b.

[4] Tüsipbekova M.B. Aqın-jırawlar muralarındağı éстетikalıq tärbie oyları (esthetic educational ideas in the heritage of poets and lyricists). Ped.ğ.k. ğıl. dār. alw üşin dayındalğan diss. – Qarağandı, 2009.- 184b.

[5] Qudaybergenova K. Quzırlılıqtıń pedagogikalıq kategoriya retinde damwınıń zańdılıqtarı (Patterns of development of competence as a pedagogical category) // QazUW xabarşısı. Pedagogika seriyası. - 2013. - № 1(38). – B.9-16

[6] Qunanbaeva S.S. Bilim berw paradigması: Joğarı mektep jüyesine quzirettilikke negizdelgen täsildi engizw (Educational paradigm: Introduction of a competency-based approach to the higher education system). //International Journal of environmental & Science Education. – 2016. – №18. – 12699-12710 b.

[7] Wikipeđiya (Wikipedia). Élektrondı reswrs Kirw rejimi: <https://kk.wikipedia.org/> [Qaralğan küni: 24.11.5024]

[8] Şoqay M. Tañdamalı şığarmalar (Selected works). Üş tomdıq. T1. – Almatı: Qaynar, 2007. – 352b.

[9] Mämeseyt T. Şerxan Murtaza (Sherkhan Murtaza). – Astana: Elorda, 2002. – 283b.

[10] Murtaza Ş. Bir kem dünıe: Oytolğaw (One Less World: Reflections). – Almatı: Jazwşı, 2008. – 176b.

[11] Aymawıtov J. Şığarmalar jınağı (Collection of Works). T5. - Almatı: Ğılım, 1996. - 512 b.

[12] Qunanbayulı A. Abaydıń qara sözderi (Abai's Black Words). – Almatı: Mazmundama, 2022. – 148b.

[13] Jarıqbaev Q.B., Tabıldıev Ä. Ädep jäne jantanw (Ethics and soul knowledge) - Almatı: Atamura, 1996. – 224 b.

[14] Ramazanova D.J., Toğaybaeva A.K., Mwxtarov S.M., Jüzeev

S.Ä. Bilim berw üderisinde bolaşaq köşbaşılardı tärbiälew ädisteri (Methods of educating future leaders in the educational process) // Abılay xan atındaǵı QazXQjÄTW XABARŞISI. Pedagogika ǵılımdarı seriyası. – 2024, №1. – 60-75bb

ЗНАЧЕНИЕ ТВОРЧЕСТВА Ш. МУРТАЗЫ В ФОРМИРОВАНИИ ДУХОВНО-ЛИДЕРСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ

*Саурыкова Ж.М.¹, Тамабаева К.У.², Елубаева Р.С.,³ Курманбекова А.С.⁴

*^{1,2,3,4}Международный Таразский университет имени Шерхана Муртазы, Тараз, Казахстан

Аннотация. Лидерские качества очень важны в любом обществе. В связи с этим основное внимание в статье уделяется научному исследованию педагогического значения творчества общественного деятеля Ш. Муртазы по формированию духовных и лидерских компетенций будущих специалистов, в сочетании с общеказахстанскими идеями и актуальными проблемами высшего образования.

Целью данной статьи является выявление педагогических показателей путем анализа значимости формирования духовных и лидерских профессиональных компетенций будущих специалистов на основе творчества Ш. Муртазы, а также новых идей и запросов общества.

Таким образом, научно обоснована важность формирования духовных и лидерских качеств будущих специалистов на национальном уровне, которые рассматриваются как основные субъекты процесса формирования нового качества нации и обновления общественного сознания. Также, в статье проанализированы и определены основные показатели формирования духовных и лидерских качеств будущих специалистов.

На основе национальных ценностей, научная новизна статьи наглядно продемонстрирована исследованием Шерхана Муртазы, раскрывающим новизну мира ценностей, столь необходимых человечеству, и научным обоснованием формирования духовных и лидерских компетенций честных граждан, столь необходимых Новому Казахстану.

На самом деле Шерхан Муртаза был не только автором художественных произведений, но и настоящим патриотом своего народа. Его страна гордилась им, и поэтому каждое его высказывание наполнено жизненно важной информацией и имеет глубокое педагогическое значение.

Результаты исследования показывают важность духовных и лидерских качеств для каждого человека, в том числе и служение обществу и активная личность Шерхана Муртазы, являющаяся прекрасным примером для подражания. Научно обосновано, что накопленные знания жизненного опыта и непоколебимая любовь к своему народу не только формируют духовные и лидерские компетенции будущих специалистов, но и воспитывают личность в целом духовно зрелую, обладающую качествами, сочетающимися с рассудительностью. Результаты исследования, а именно, демонстрация роли будущего поколения, в том числе профессионалов, в формировании

духовных и лидерских компетенций, анализ значимости и педагогических последствий концептуального образования, выявление содержательных особенностей, прояснили его научную и практическую значимость.

Ключевые слова: духовное лидерство, компетентность, профессионал, национальное образование, ценности, педагогические идеи, личность, писательство, художественное творчество, высшее образование, опыт

THE IMPORTANCE OF SH. MURTAZA'S CREATIVITY IN THE FORMATION OF SPIRITUAL AND LEADERSHIP SKILLS

*Saurykova Zh.M.¹, Tamabayeva K.U.², Elubayeva R.S.³, Kurmanbekova A.S.⁴

^{*1,2,3,4} Taraz International University named after Sh. Murtaza,
Taraz, Kazakhstan

Abstract. Leadership skills are very important in any society. In this regard, the focus of the article is on the scientific study of the pedagogical essence of the work of the public figure Sh. Murtaza to form the spiritual and leadership skills of future specialists, in combination with common all-Kazakhstani ideas and current issues of higher education.

The article aims to identify pedagogical indicators by analyzing the importance of forming the spiritual and leadership professional competencies of future specialists based on Sh. Murtaza's creativity, as well as novice ideas and public demands.

The importance of training the spiritual leadership skills of future professionals at national level, who are seen as the main actors in the process of building a new quality of nation and renewing public consciousness, is thus scientifically substantiated. The main indicators for the formation of spiritual and leadership skills of future professionals are analysed and determined.

The scientific novelty of the article is demonstrated by Sherkhan Murtaza's study, which shows the novelty of the world of values so necessary for humanity and the scientific underpinning of the formation of spiritual and leadership skills of honest citizens based on national values so necessary for the New Kazakhstan.

In fact, Sherkhan Murtaza was not only a writer of works of art, but also a true patriot of his nation. His country was proud of him, and for this reason each of his statements is rich in important information and has a deep educational meaning.

The results of the study show how important spiritual and leadership skills are for everyone, including the public service and the active personality of Sherkhan Murtaza who is a great role model school. It is scientifically analysed that the accumulated life experience and unwavering love for the nation not only shape the spiritual and leadership skills of future specialists, but also form a person who is generally spiritually mature, endowed with qualities combined with prudence. The results of the research work, namely highlighting the role of the future generation, including specialists, in the development of spiritual and leadership skills, analysing the importance and pedagogical conclusions

of conceptual education, highlighting the content characteristics, clarified its scientific and practical significance.

Key words: spiritual leadership, competence, professional, national education, values, pedagogical ideas, personality, writing, artistic work, higher education, experience

Авторлар туралы мәлімет:

Саурықова Жұлдыз Мейірханқызы - PhD, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық тараз университетінің доценті, Тараз, Қазақстан, e-mail: saurykova72@mail.ru <https://orcid.org/0000-0003-9044-6182>

Тамабаева Қаракөз Өмірзаққызы - филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, Тараз, Қазақстан, e-mail: karakoztamabaeva1979@gmail.com <https://orcid.org/0000-0001-6734-9635>

Елубаева Рахат Сайлаубекқызы - педагогика ғылымдарының кандидаты, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, Тараз, Қазақстан, e-mail: ERS40@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0001-7544-6523>

Құрманбекова Айгүл Сауқымбекқызы - педагогика ғылымдарының кандидаты, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, Тараз, Қазақстан, e-mail: kurmanbekova@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-2428-9107>

Информация об авторах:

Саурықова Жұлдыз Мейірханқызы - PhD, доцент Международного Таразского университета имени Шерхана Муртазы, г. Тараз, Казахстан e-mail: saurykova72@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-9044-6182>

Тамабаева Қаракөз Өмірзаққызы - кандидат филологических наук, доцент Таразского Международного университета имени Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан, e-mail: karakoztamabaeva1979@gmail.com <https://orcid.org/0000-0001-6734-9635>

Елубаева Рахат Сайлаубекқызы - кандидат педагогических наук, доцент Таразского Международного университета имени Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан, e-mail: ERS40@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0001-7544-6523>

Курманбекова Айгул Сауқымбековна - кандидат педагогических наук, доцент Таразского Международного университета имени Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан, e-mail: kurmanbekova@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-2428-9107>

Information about the author:

Saurykova Zh.M. - PhD, Taraz International University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan, e-mail: saurykova72@mail.ru <https://orcid.org/0000-0003-9044-6182>

Tamabayeva K.U. - Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Taraz International University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan e-mail: karakoztamabaeval979@gmail.com <https://orcid.org/0000-0001-6734-9635>

Elubayeva R.S. - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Taraz International University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan ERS40@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0001-7544-6523>

Kurmanbekova A.S. Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Taraz International University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan e-mail: kurmanbekova@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-2428-9107>

Мақала түсті: 4 наурыз 2025